**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 тамыздағы N 1270. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулыға қосымшада:

"Құқық тәртібін нығайту, экономикалық қылмыстармен және ұйымдасқан жемқорлықпен күрес" деген YI тараудағы реттік нөмірі 110 жол мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "110 | Бас прокуратура жанындағы құқықтық статистика және ақпарат орталығының базасында қылмыстардың, оларды жасаушы адамдардың, іздеу салынған қылмыскерлер мен ұрланған құндылықтардың бірыңғай есебінің автоматтандырылған жүйесін құру | Үкімет қаулысымен | 1997 жылғы желтоқсан | Бас Прокуратура (келісім бойынша), МТК (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), Ішкіісмині, Қаржымині, Мемкеденком, Әділетмині". |

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК